

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

ЖАРИЯЛАНДЫ
04.05.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/152839/

Нұралы Балнұр

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

Орындаған: Нұралы Балнұр

бакалавриат, мамандығы: құқықтану,

Ғылыми жетекшісі: Тулекова Гүлжан

Қажымұратқызы

Қазақстан Республикасының

Білім және Ғылым министрлігі

«Тұран» университеті.

Аңдатпа

Бұл мақалада қоғамда, әсіресе жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың ерекшеліктері мен шаралары қарастырылған. Қоғамда әлеуметтік әділетсіздік күшейіп, қоғамдағы көптеген келеңсіз құбылыстар сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негізінде жатыр деген қорытындыға келдім. Әрбір адамның құқықтық мәдениеті өз бетімен дамымайды және бұл жерде, әрине, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы басты басымдықтар болып табылатын мектептер мен университеттер үлкен рөл атқарады. Нәлдік төзімділік — сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік.

Нәлдік төзімділік қоғамның теріс реакциясы немесе тіпті кішігірім құқық бұзушылықтарға шыдамдылық танытпауды білдіреді, ал оқу процесінің мақсаттары сыбайлас жемқорлықты қабылдамау принципіне негізделуі керек. Ол үшін мектептер мен

университеттерде жастардың санасын ұлттық салт-дәстүрмен және ұлттық «Мәңгілік ел» ұстанымымен байланыстырып, бойына сіңіру қажет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру шаралары «Қазақстан 2050» Стратегиясына негізделген ұлттық саясат аясында жүзеге асырылуы тиіс.

Түйін сөздер: сыбайлас жемқорлық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, құқықтық мәдениет, нәлдік төзімділік.

Аннотация

В данной статье рассматриваются особенности и меры по формированию антикоррупционной культуры в обществе, особенно среди молодежи. Борьба с коррупцией стала проблемой для всех людей, так как в обществе растет социальная несправедливость и увеличивается преступность. Многие негативные явления в обществе являются следствием коррупции. Мы пришли к выводу, что антикоррупционная культура базируется на правовой культуре каждого человека и не развивается сама по себе. И здесь, конечно, большую роль играют школы и университеты, которые являются главными приоритетами в формировании антикоррупционной культуры. Нулевая терпимость – это никакой терпимости к коррупции. Нулевая толерантность означает негативную реакцию общества или нежелание мириться даже с незначительными правонарушениями, и цели образовательного процесса должны быть основаны на принципе неприятия коррупции. Поэтому в школах и университетах необходимо проводить правовое просвещение. Например, связав его с национальными традициями и национальным принципом «Мәңгілік Ел». Меры по формированию антикоррупционной культуры должны осуществляться в рамках национальной политики, основанной на Стратегии «Казахстан 2050».

Ключевые слова: коррупция, антикоррупционная культура, правовая культура, нулевая терпимость.

This article discusses the features and measures to create an anti-corruption culture in society, especially among young people. The fight against corruption has become a problem for all people, as social injustice is growing in society and crime is increasing. Many negative phenomena in society are a consequence of corruption. We have come to the conclusion that the anti-corruption culture is based on the legal culture of each person and does not develop on its own. And here, of course, schools and universities play a big role, which are the main priorities in creating an anti-corruption culture. Zero tolerance means no tolerance for corruption. Zero tolerance means a negative reaction from society or unwillingness to put up with even minor offenses, and the goals of the educational process should be based on the principle of non-acceptance of corruption. Therefore, it is necessary to conduct legal education in schools and universities. For example, linking it with national traditions and the national principle “Mangilik El”. Measures to create an anti-corruption culture should be carried out

within the framework of the national policy based on the “Kazakhstan 2050” Strategy.

Key words: corruption, anti-corruption culture, legal culture, zero tolerance.

Сыбайлас жемқорлық-әлеуметтік дамуға кедергі келтіретін ең бірінші факторлардың бірі болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңы туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 6-бабының 3-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жүйесі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды қамтиды[1].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет-сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананың құбылысы болып табылады. Оларға адамдардың сыбайлас жемқорлыққа деген көзқарасын білдіретін ұғымдар, теориялар, идеялар мен сезімдер, көзқарастар мен эмоциялар жиынтығы жатады[2]. Бұл сыбайлас жемқорлықтың адамдардың әл-ауқатына зиянын тигізетінін білуді қамтитын жеке қасиеттер жиынтығы. Осы қасиеттердің арқасында адамдар сыбайлас жемқорлықты әлеуметтік зұлымдық ретінде қарастырып, төзгісі келмейді. Сол себепті бұл құбылысты жоюға тырысып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырады.

Сонымен қатар, жеке тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық деңгейінде көрінетін тұлғалық даму дәрежесі мен сипатын көрсетеді[3]. Басқаша айтқанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті келесі алгоритм ретінде қарастыруға болады: адамның заңды жүгі-оның заңға бағыну әдеттері—сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңды қызметі, т.б. яғни сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін заңды құралдарды қолдану қабілеті мен дайындығы бұл адамның заң нормаларына сәйкес әрекет етуге деген ұмтылысын ғана емес, сонымен бірге оның кез келген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын тоқтатуға дайындығын білдіреді[4]. Осылайша, адамдар жазадан қорыққандықтан емес, ең алдымен мұндай әрекеттерді өмірлік ұстанымдарға қайшы деп санайтындықтан, бұл саланың тоқтауына үлес қосады. Осы орайда «Қазақстан-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» бағытын ескере отырып, «Нұр Отан» («Аманат») партиясы 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасын әзірледі[6]. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі күрестің идеологиялық негізін жалпы адамзаттық құндылықтар, халық, бостандық пен заңның үстемдігі құрайды.

2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық стратегиясының идеологиялық негізін:

-Отбасында және қоғамда өзін-өзі қамтамасыз етудің дәстүрлі халықтық құндылықтарын тәрбиелеу (өтініште ұстамдылық пен қарапайымдылық, шектен шығуға қатысты моральдық беріктік пен табандылық);

-Материалдық байлықтан рухани байлықтың басымдылығы;

-Халықтың құқықтық сауаттылық деңгейін түбегейлі арттыру,

қоғамдағы нигилизм;

—«Сыбайлас жемқорлықсыз ел берекелі» идеологиялық партиялық жобасын насихаттау;

—Қазақстанның Азаматтық альянсымен және басқа да қоғамдық бірлестіктермен бірлесіп —«нөлдік» төзімділік атмосферасын қалыптастыру үшін азаматтық бастамаларға жәрдемдесу,сыбайлас жемқорлық және онымен күресу бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу;

—Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және өзге де өзін-өзі реттейтін ұйымдармен бірлесіп корпоративтік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдау;

—2018 жылдан бастап білім берудің барлық деңгейінде «Құқық негіздері» оқу пәні мазмұнында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптарды кемінде 15% ұлғайту;

—2015 жылдан бастап жоғары оқу орындарының жыл сайынғы

кешенді социологиялық зерттеулер негізінде сыбайлас жемқорлық деңгейінің рейтингін жасау;

-Онлайн портал құру арқылы жоғары оқу орындары жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету;

-Университеттерде сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік атмосферасын қалыптастыру;

-Адал еңбек пен еңбек әулеттері культін кеңінен насихаттау;

-Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуді бұқаралық ақпарат құралдарындағы жобаларда кеңінен насихаттау[7].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен мінез-құлықты қалыптастыру мынадай салдарларға әкеледі:сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарас пен сыбайлас жемқорлық әрекеттерінен бас тарту,азаматтардың проблемаларды шешу құралы ретінде пара алу үлесінің күрт төмендеуі;қоғам мен мемлекет үшін сыбайлас жемқорлық қаупі көрсеткішінің бәсеңдеуі.

Жалпы бұл бағдарлама бойынша 2025 жылға қарай халықтың құқықтық сауаттылық деңгейін 60 пайызға дейін арттыру міндеті алға қойылды.Осы орайда біздің елімізде сыбайлас жемқорлық орын алғанын хабарлаған тұлғаға басымдық беру қабылданды.Сондықтан қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерін хабарлау әлеуметтік нормаға айналуы тиіс.Өткен жылы сыбайлас жемқорлық

құқықбұзушылықтары туралы хабарлаған 214 азаматқа 32 миллион теңгеге жуық (31 миллион теңге) өтемақы төленді. Ағымдағы жылдың қаңтар айында 32 млн теңгеге жуық (31 811 080 теңге) тоғыз азаматқа 1,5 млн теңгеге жуық (10 млн теңге) ынталандыру төлемі төленді. Сонымен қатар, мемлекет басшысының тапсырмасын орындау шеңберінде сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған азаматтарды марапаттаудың жаңа жүйесі туралы Үкімет қаулысы қабылданды. Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған адамдар сотталған кезде пара сомасының 10% алуға құқылы.

Ең жоғары сыйақы – 10,6 миллион теңге. Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарламалар саны үш есе, ал расталған фактілер бойынша тіркелген сотқа дейінгі тергеп-тексерулер саны екі есе өсті. Бұл сенімнің артқанын және алаңдаушы азаматтар санының артқанын көрсетеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет әр адамның құқықтық мәдениетіне негізделеді және өздігінен қалыптасады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің өзегі-әрбір адамның өз бетімен қалыптастырған құқықтық мәдениеті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы басты басымдық - нөлдік төзімділік. Нөлдік төзімділік-азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа теріс реакциясы. Бұл кішігірім құқық бұзушылықтарға да жол берілмейтінін білдіреді. «Тәрбие тал бесіктен» деп бекер айтылмаған ғой. Сол себепті сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін мектептерде және жоғары оқу орындарында ұлттық салт-дәстүрлермен және ұлттық философиясымен байланыстыра отырып, заңды түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған шаралар ұлттық саясат аясында жүзеге асырылуы тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңы

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері жалпы редакциясымен Б.С. Әбдірәсілова. – Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2016. – 176 б.

3. Замалетдинов Р.Р., Ибрагимова Е.М., Амирова Д.К. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекетті қалыптастыру мектеп оқушылары арасындағы мәдениет: оқу құралы. 10-11 сынып оқушыларына арналған оқу құралы. жалпы білім беру мекемелер. –

Қазан: Мағариф-Вақыт, 2010. – 159б.

4. Ямалнеев И.М. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері 2010. – 56б.

5. «Нұр Отан» партиясының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа

қарсы іс-қимыл бағдарламасы 11.11.2014 No 001 //«Заңгер» анықтамалық жүйесі.

6.Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің мәліметтері //Қолжетімділік режимі://<https://gov.egov.kz>.

7.Сералиева А.М.,Баймағамбетова З.М. Оқушылардың құқықтық санасының деңгейін арттыру жастар және «нөлдік төзімділікті» қалыптастыру // Қылмыстың алдын алу.- 2(64).- 2018 ж.- 34-36б.

КМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.